

Б.Ж. Әлмұхамбетова, М. Искакова

А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ШИПАЖАЙ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНДЕРІНДЕ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Андатпа. Мақалада шипажай-сауықтыру кешендерінде еңбек ресурстарын басқаруға қатысты өзекті мәселелер қарастырылған және емдеу қызметі нарығында еңбек ресурстарын басқару механизмдері мамандарды дайындау, таңдау және біліктілігін жетілдіру бойынша ұсыныстар берілген.

Кілт сөздер: еңбек ресурстары, еңбек ресурстарын басқару, механизм, мемлекеттік саясат.

Кіріспе

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының ұзақ мерзімді приоритетті бағыттарының бірі азаматтардың денсаулығы болып табылады. Осы стратегия негізінде «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты елдің орнықты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсарту [1].

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат бағыттарының бірі шипажай-сауықтыру кешендерін дамыту болып табылады. Қазіргі таңда шипажай-сауықтыру кешендерін дамыту кезек күтірмейтін өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Себебі шипажайлар көрсететін қызметтердің әлеуметтік-экономикалық тиімділігі бірінші кезекте, тұрғындар арасында науқастар санының азайуымен, өміршендіктің ұзаруымен, еңбекке белсенді тұрғындар санының артуымен, жарақаттардың азаюымен сипатталады.

Адам – ұдайы өндіріс процесінде басты өндірістік күш ретінде қатыса отырып – «демалыс», «сауықтыру» қоғамдық өндірістің интенсификация факторы ретінде ортаға шығады. Аймақ деңгейінде бұл миграциялық үрдістердің қалыпты болуына септігін тигізеді, еңбек ресурстарының бір аймақта шоғырлануына, науқастар санының азайуына, еңбек өнімділігінің артуына, бос уақытты дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді [2].

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша шипажай-сауықтыру кешендерінде жұмысшылардың сауықтыру шараларын ұйымдастыру созылмалы аурулардың күшею санын 2-6 есеге және де ауруханада емделу қажеттілігін 2,4 есеге азайтады. Шипажайларда емделуден кейін 2-3 есеге мерзімдік және тұрақты еңбекке қабілетсіздік азаяды.

Зерттеу мақсаты

Қазақстан Республикасы шипажай-сауықтыру қызметі нарығына талдау жүргізу. Шипажай-сауықтыру қызметі нарығындағы қазіргі таңдағы негізгі мәселелер шипажай-сауықтыру орындарының ерекшеліктеріне сәйкес мамандарды оқыту, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жұмыстарын жетілдіру бойынша ұсыныстар жасау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының негізгі материалдарын статистикалық мәліметтер, ҚР денсаулық сақтау саласын дамытуға арналған бағдарламалар, жариялымдар, шипажай-сауықтыру қызметі нарығын зерттеу барысында алынған жеке бақылау қорытындылары құрады.

Шипажай-сауықтыру қызметі нарығындағы қызметтер сапасын бағалауда мәліметтерді талдау, динамикалық көрсеткіштерді салыстыру, сауалнама әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері

Қазақстан Республикасында шипажай-сауықтыру кешендерінің 2008-20012 жылдар аралығындағы негізгі көрсеткіштерін салыстырмалы динамикалық талдау нәтижесінде шипажай-сауықтыру кешендері санының 1,86% төмендегенін көреміз (кесте 1). Мұндай жағдайдың басты себебі шипажай-сауықтыру кешендерінің бірқатары бәсекеге қабілетті болмауына байланысты нарықтан кетуіне мәжбүр болып отыр.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасы шипажай-сауықтыру кешендерінің негізгі көрсеткіштерінің динамикасы 2008-20012 жж.

Көрсеткіштер	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	Ауытқу %, 2012ж./2 008ж.
Шипажайлар, емдеу пансионаттары, профилакторийлер	107	106	105	103	105	-1,86
Төсек орын саны	15112	17915	17560	17240	16786	11,1
Емделгендер саны	134387	197062	257489	267453	298453	122,1
Демалыс үйлері және пансионаттар	13	14	13	13	14	7,7
Төсек орын саны	7137	1996	3104	4675	3457	-51,6
Емделгендер саны	17869	12508	32686	37896	45678	155,6
Ескерту- ҚР Денсаулық сақтау Министрлігі мәліметтері негізінде құрастырылды						

Сонымен қатар, 3-кестеден көріп отырғанымыздай Қазақстан Республикасында сауықтыру мекемелерінің санының қысқаруы байқалады, мұның себебі бірінші кезекте бұл мекемелердің толық жүктемемен жұмыс істемеуі салдарынан залалдылығының орын алуы. Көлік тарифтерінің, тамақ өнімдерінің, энергия бағасының өсуі шипажай-сауықтыру кешендері жолдамалары құнының қымбаттауын және сұраныстың қысқаруын тудырды.

Бұл жағдайлардың барлығы шипажай-сауықтыру саласының қысқаруына алып келді. Бірақ, республикадағы шипажай-сауықтыру мекемелері санының қысқаруына қарамастан, айлық төсек орын санының максимальды пайдалануы 2,51% өсті. Бұл қазіргі таңда жұмыс істеп тұрған шипажай-сауықтыру кешендерінің төсек-орын санын арттыруымен байланысты көптеген клиенттерге қызмет көрсетуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар талдау жасалып отырған мерзім аралығында емделушілер саны 1,5 есе артқан, бұл шипажай-сауықтыру қызметіне деген сұраныстың жоғары екендігін дәлелдейді. ҚР шипажай-сауықтыру қызметіне деген сұраныстың өсуі бірінші кезекте республика халқының ауру-сырқаулығының көбейуі, республиканың туристік тартымдылығының артуы, қолжетімді бағалар және т.б. себеп болып отыр.

Нәтижелерді талдау

Қазіргі таңда шипажай-сауықтыру кешендері қызметінің сапасын арттыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. ҚР шипажай-сауықтыру қызметі нарығындағы шипажайлар қызметі сапасымен тұтынушылардың қанағаттанушылық деңгейін өлшеуде В.Цайтамль Л.Берри и А.Парасураман әзірлеген SERVQUAL әдістемесі қолданылды. Оңтүстік Қазақстан облысындағы шипажай-сауықтыру мекемелерінің қызметін бағалау жүргізуге алынған ұйымдар: «Сарыағаш» шипажайы, «Алтынай» шипажайы, «Манкент шипажайы», «Окси-Сарыағаш» шипажайы.

Жоғарыда аталған шипажайлардағы демалушылар ауызша сұрауға қатысты. Маркетингтік зерттеулер жүргізу кезінде іріктеменің дәстүрлі әдісі қолданылды. «Сарыағаш» шипажайы, «Алтынай» шипажайы, «Окси-Сарыағаш» шипажайлары үшін іріктеме 300 адамды, ал «Манкент шипажайы» үшін 250 адамды құрады. Жүгізілген сұрау

нәтижесі кесте-2 көрсетілген. Сонымен қатар кестеде келесідей сипаттамалар берілген: қызмет сапасы көрсеткіштері, сапа көрсеткішін анықтаушы факторлар, бір факторға есептегенде әрбір көрсеткіш бойынша қорытынды баға.

Кесте 2 – ОҚО Шипажай-сауықтыру қызметі нарығындағы қызметтер сапасын тұтынушылардың бағалауы

Қызметтер сапасы көрсеткіштері	Тұтынушылардың факторларды бағалауы (бір факторды орташа бағалауы, балл)			
	«Сарыағаш» шипажайы	«Алтынай» шипажайы	«Манкент» шипажайы»	«Окси-Сарыағаш» шипажайы
Сезілетін сипаттамалар	28 (6,3)	24 (5,4)	21(5)	16 (4)
Орындаушылық	31 (6,2)	27 (5,4)	27 (5,4)	26 (5,2)
Жылдамдық реакциясы	25 (6,25)	23 (5,75)	21 (5,25)	22 (5,5)
Сенімділік	24 (6)	21 (5,25)	20 (5)	20 (5)
Бірге мазасыздану	22 (5,5)	22 (5,5)	20 (5)	20 (5)
Қорытынды	130 (6,1)	117 (5,43)	109 (5,14)	104 (4,95)

Сұрау нәтижесі бойынша мынадай қорытынды шығаруға болады, тұтынушылар үшін "Сарыағаш» шипажайының ұсынатын қызметтер сапасы әлдеқайда тартымды. Кесте мәліметтері көрсетіп отырғандай, тұтынушылардың көз-қарасы бойынша ОҚО шипажай-сауықтыру мекемелерінің қызметтерінің ішінде сенімділік және жылдамдық реакция факторлары көрсеткіштері «Сарыағаш» шипажайында жоғары болып отыр, бірақ бірге мазасыздану факторы басқа факторлармен салыстырғанда біршама төмен көрсеткішті көрсетіп отыр.

Жалпы, зерттеу нәтижесі бойынша шипажай-сауықтыру кешендері қызметінің сапасын арттыру білікті кадрларсыз мүмкін емес. Заманауи персоналға бағдарланған технологиялар – бұл, ең алдымен, белсенді қызмет етуге ынталандыруды қалыптастыру және дамыту, еңбек нәтижесінің сапасын жетілдіру және жаңа түрін жүйелі іздеу болып табылады. Кадрлық механизм кадрларды таңдау, бағалау, дайындау және қайта дайындау, сонымен қатар тиімді еңбек ету үшін оларды ынталандыру және есепке алу жүйесін қамтиды. Сондықтанда кадрлармен жұмыс салыстырмалы түрде жеке дара механизм ретінде қарастырылуы тиіс, себебі оның әсері жалпы шипажай-сауықтыру кешендері мен жеке сауықтыру орындары шеңберінде радикалды нәтижелер беруге қабілетті.

Қарастырылып отырған механизм шипажай кешені бизнесі үшін мамандарды дайындау, таңдау және орналастыру бойынша жұмыстар жүйесі ретінде, ең алдымен жоғарғы звено басшыларын есепке алу, жауапты және тиімді еңбекке ынталандыруды қалыптастыру және дамыту. Шипажай-сауықтыру кешендерінде кадрлар мен мамандарды дайындаудың, қайта даярлаудың және біліктілігін жоғарылатудың кәсіби-біліктілік құрылымын ғылыми-негізделген өзгерістерін анықтау, қайта даярлау көлемдерін кеңейту маңызы болып табылады [3].

Кадрларды дайындау жаңа мемлекеттік білім беру стандарттары тек жоғары білім беру жүйесін ғана қамтуы тиіс емес, сонымен қатар орта кәсіптік білім бері жүйесін, және де біліктілікті көтеру жүйесін қамтуы керек. Білім беру жүйесінің және біліктілікті көтеру жүйесінің сапасы білім және дағдыларды үйрету қабілетімен анықталады. Жоғары айтылғаннан түйетін ой, шипажай-сауықтыру кешендерінде кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау, дайындау саласындағы басты міндеттерді келесідей топтарға топтауға болады:

- шипажай-сауықтыру қызметіндегі қызметкерлердің негізгі қызметтеріне байланысты қолданыстағы кәсіби стандарттарды қазіргі талаптарды ескере отырып қайта дайындау;

- оқу үрдісіне осы білім беру стандарттарын ендіру бойынша әдістемелік құралдарды әзірлеу;

-шипажай-сауықтыру кешендері жұмысшыларын аттестациялау әдістемесі мен процедурасын, нормативтік құжаттар пакетін дайындау;

-кадрларды дайындау және оның біліктілігін арттыру, шипажай-сауықтыру мекемелеріне кадрлар дайындаумен айналысатын оқу орындарын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету сферасында барлық инновациялық үрдістерді шоғырландыру мақсатында кеңес беруші оқу-ғылыми орталықтарын құру.

Еңбек нарқында сұранысқа ие және кәсіптік білім берудің кәсіптік білім беру қызметтеріне деген жалпы білім беру мектептері бітірушілерінің бағыт-бағдарларын ескеріп, қауырттылық тудыратын кәсіптер мен мамандықтар жөніндегі мәліметтерді біріктіріп, еңбек нарқының қажеттілігі туралы және нақты кәсіптік-біліктілік құрылымы туралы жүйелендірілген ақпараттармен қамтамасыз ету. Кадрларды дайындау қажеттілігін кезең-кезеңді болжауға және салыстырмалы сараптаманың нәтижелерімен білім беру мекемелерінде білікті жұмыс күшін дайындау жөніндегі болжамды қалыптастыруға және оқытылатындарды көлемдері мен кәсіптік-біліктілік құрылымы бойынша қабылдау жоспарларын түзетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, шипажай-сауықтыру кешендерін басқару тәжірибесі көрсетіп отырғандай, қазіргі таңда шипажай-сауықтыру ұйымдарының көпшілік бөлігінде бұрынғы орталықтандырылған басқару құрылымынан айырмашылығы көп емес. Нарықтық экономикаға тән бөлімдер мен бөлімшелер пайда болғанымен, әдістемелік және әдіснамалық тұрғыдан олардың жұмысы тәжірибеде нарықтық емес кезеңде қолданылатын әдістерге негізделеді.

Шипажай кешендері үшін мамандардың білім беру сапасы қызмет көрсету сапасы мәселесінен ажырамайтын мәселелердің бірі. Оқу орталықтарындағы оқытушылар құрамы шипажай-сауықтыру сферасындағы өзгермелі талаптарға жауап беруі үшін біліктілігін тұрақты арттырып отыруы керек, кәсіби шеберліктері жоғарғы деңгейге ие болуы қажет.

Қорытынды

Шипажай қызметі саласындағы ғылыми зерттеулерді қолдауда үлкен мәнге ие. Дегенмен де бұл аталғандардың барлығын мемлекеттің реттеуші үйлестіруші рөлінің көмегінсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Шипажай-сауықтыру кешендері үшін білікті мамандарды дайындау үшін Кеңес құру мақсатқа сай болып табылады, оның құрамына ҚР Білім және ғылым Министрлігі, ҚР Денсаулық сақтау Министрлігі өкілдері, сонымен қатар кәсіптік ғылыми және оқу мекемелерінің өкілдері мен жұмыс берушілер кіргені дұрыс болып табылады. Бұл Кеңес жаңа білім беру стандарттарын дайындауды ұйымдастыруы мүмкін, қажетті мамандар санын анықтайды, сонымен қатар шипажай-сауықтыру кешендеріне қажетті кадрларды дайындау, қайта дайындау және біліктілігін көтеру мүмкіндігіне ие оқу орындарын және біліктілікті арттыру орталықтарын лицензиялайды.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, шипажай-сауықтыру кешендері мен сауықтыру мекемелерін білікті кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі, сонымен қатар емдеу қызметі нарығында жұмыс жасайтын шипажай-сауықтыру қызметі менеджерлерді дайындау және қайта даярлау ерекше көзқарасты талап етеді.

Шипажай-сауықтыру қызметі мамандарының кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстары ҚР Денсаулық сақтау Министрлігі және медициналық ғылыми орталықтарда жүргізіледі.

Сонымен қоса, шипажай-сауықтыру кешенінде қызмет көрсетуші персоналдың кәсіби дайындық деңгейінде де бірқатар кемшіліктер кездеседі. TACIS бағдарламасының эксперттері жүргізген зерттеулер қонақжайлылық туралы білімі мен дағдылары, білігінде біршама кемшіліктердің орын алғандығын айқындады, сонымен қатар нарықтық экономика жағдайында бұл салада бір бағыттағы стратегияның жоқтығы анықталды. Қазіргі таңда қызмет көрсетіп отырған медициналық мекемелердегі бағдарламаларда шипажай-сауықтыру емі спецификасы бойынша білім кеңінен қарастырылмайды, өз кезегінде науқастарды қандайда бір шипажай-сауықтыру кешенін дұрыс таңдау, сол шипажай-сауықтыруда емдеу ісі қалай жүзеге асырылатындығы туралы толық ақпараттар ала алмайды. Нәтижесінде емдеу-сауықтыру мекемелері ішіндегі шипажай-сауықтыру кешендерінде тұтынушылар ем

таңдау кезінде бірқатар келеңсіз жағдайлардың орын алушылығы пайда болады. Бұл өз кезегінде емдеу қызметі саласындағы мамандардың еліміздегі шипажайлар және осы шипажайлардың емдік факторлары аясында білімінің аздығын көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандардан түйетін ой оқытудың дифференциалдық әдісін, оқу үрдісі барысында және диплом алғаннан кейінгі мамандандыру сатыларында куртологиядан дәріс беру көлемін арттыру қажет, сонымен қатар шипажай қызметі саласындағы медициналық қызметкерлердің біліктілігін арттыру және аттестациялау жұмыстарын жүргізу керек. Сонымен қатар заманауи ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету білім беру бағдарламаларын дайындау мақсатқа сай болып табылады. Бұл бағытта білім берудің инновациялық формаларын дамыту қажет, сонымен қатар әлдеқайда прогрессивті және экономикалық тұрғыдан тиімді заманауи ақпараттық технологияларға негізделген қашықтан оқыту әдістерін дамыту қажет болып табылады. Сонымен қатар нарықтық қатынастың даму жағдайында меншік түрлерінің артуымен білікті еңбек ресурстарына деген талаптар тұтынушылар тарапынан артуына орай, емдеу қызметі нарығында мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарды басқарудың экономикалық тиімділігі мәселесі білім беру қызметінің нарығы мен еңбек нарығында жоғары оқу орынына қоятын жаңа талаптардың пайда болуымен ерекше маңыздылыққа ие болып отыр.

Жалпы халық үшін шипажай-сауықтыру кешендерінің қызметі медициналық сауықтыру шараларының ең тиімді құрамдас бөлігі болып табылады, ал шипажай кешендерін дамыту экономикалық және әлеуметтік жағынанда өзін-өзі ақтайды, өйткені ұлттың денсаулығына инвестиция салатын боламыз.

Әдебиеттер

1. «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 2010 жыл, қараша-29.
2. Экономика и управление здравоохранением: Учебник / Л.Ю.Трушкина и др. - Изд. 5-е, перераб. и доп. - Ростов/Д: Феникс, 2007.
3. Разумов А.Н. Роль и место восстановительной медицины и курортного дела в концепции развития здравоохранения до 2020 года // Материалы международного конгресса «Актуальные проблемы восстановительной медицины, курортологии и физиотерапии», Здравница - 2008. - М., 2008.

Б.Ж. Альмухамбетова, М. Исакова

ПУТИ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ УПРАВЛЕНИЕ ТРУДОВЫМИ РЕСУРСАМИ В САНАТОРНО-КУРОРТНОМ КОМПЛЕКСЕ

В статье рассматриваются актуальные проблемы управление трудовыми ресурсами в санаторно-курортных комплексах и даны предложение по совершенствованию механизма управление трудовыми ресурсами как подготовка, отбор и повышение квалификации кадров.

Ключевые слова: трудовые ресурсы, управление трудовыми ресурсами, механизм, государственная политика.

WAYS IMPROVEMENT MANAGEMENT OF THE MANPOWER IN THE SANATORIUM COMPLEX

In article management of a manpower in sanatorium complexes is considered actual problems and given a mechanism suggestion for improvement management of a manpower as preparation, selection and professional development of shots.

Keywords: manpower, management of a manpower, mechanism, state policy.

UDC: 631.18.02

A. Abraliyev

University of Stirling (Scotland)

THE NATURE OF CLUSTER POLICY IN THE REGIONAL DEVELOPMENT

Annotation. In the article the potentials of the regional development are considered. In the work methods that can reduce disparities among different regions for the economic growth of nation are analysed.

Keywords: cluster policy, regional development, reducing disparities among regions

The balanced regional development which includes reducing disparities between regions has significance for the economic growth of the nation. The policies which are related to the development of regions in the Western world may have two main motives: decreasing pressure of poverty and distress in the depressed and less developed zones, and relieving issues of over development in the metropolitan zones. Therefore, any cluster policy achieving the mentioned goals should be considered as beneficial.

A cluster is the set of interlinked companies and institutions in the similar field of activity which are geographically near located [1, pp.15-34].

The most widely used and accepted type of geographic description is defining characterizations by regions [2, p. 96]. The term region may define a spatial entity: the region is known as the zone that can be defined in a specific way or as the specific area of the state. A region is formed by spatial elements having similarities, which are contiguous and non-contiguous, for one as well as for several chosen criteria.

Development planning in regions is both significant in backward and developed areas. The presence of regional development planning in the process of the national economic planning has the strategic significance [3, p.21].

Locating projects in the backward regions based on intention to promote regional welfare rather than basing on techno-economic efficiency at the national level is argued to reduce economic development and national welfare: time required to complete the project as well as costs may increase or the efficiency level of operating may drop, and as a result benefits achieved from projects as well as their cost ratios can decrease. On the other hand, the policy of concentrating development in the few chosen areas only as metropolitan zones increases the disparity level between them and other economic zones in the state. Therefore, developing regions may include an option to choose whether to bring national or regional welfare, whether to give up national welfare for the interest of increasing welfare in the region [4, p.96].

In terms of the regional welfare metropolitan zones are not efficient for the society, and an option of developing medium sized towns is more preferred. Locating projects in small and medium